

## **"Кентаукеніштарату" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 қарашадағы N 1488

"Ащысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының шығынды кеніштері мен қалдық қоймаларын тарату мен консервациялау жөніндегі шараларды жүргізу, олардың мақсатқа сай қаржыландырылуын және бюджет қаражатының пайдаланылуына бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Кентаукеніштарату" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

Кәсіпорынның негізгі мақсаты шығынды кеніштер мен қалдықтар қоймаларын тарату мен консервациялау, су құю-су шығару жөніндегі қызмет, сондай-ақ шаруашылық жүргізудің арнайы тәртібі белгіленген қызмет салалары болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі: Кәсіпорынның жарғылық қорын белгілесін, Жарғысын бекітсін және оны заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен тіркесін;

Кәсіпорынның басшысын тағайындасын;  
кәсіпорынның Жарғысын тіркегеннен кейін оны Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне енгізу туралы ұсыныс енгізісін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару жөніндегі департаменті "Ащысай полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамының жалпы жиналысында оның шығынды кеніштері мен қалдық қоймаларын Кәсіпорынға беру туралы мәселені қарасын.

4. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі төрағасының қайта ұйымдастырылып отырған заңды тұлғаның функцияларын, құқықтары мен міндеттерін өткізу актісі бойынша бере отырып, "Су құю - су ағызу" Кентау коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнын құрылып отырған кәсіпорынға қосу жолымен оны қайта ұйымдастыру туралы ұсынысы қабылдансын.

5. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Медетші банкімен және "Кентаукеніштарату

" мемлекеттік кәсіпорнымен бірлесе отырып шығынды кеніштер мен қалдықтар қоймаларын тарату жөніндегі қаржыландыру сомасын айқындасын.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1998 жылға арналған республикалық бюджетте мырғалымсай кен орнының су құю - су ағызуы жөніндегі шығыстарды қаржыландыру үшін 400 (төрт жүз) млн. теңге сомасында бюджет қаражатын бөлуді көздейтін болсын. <\*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.05.14. N 434 қаулысымен. P980434\_

7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік медетші банкі су құю - су ағызуды, шығынды кеніштерді таратуды және қалдық қоймаларын консервациялауды қаржыландыруға арнап жіберілген бюджет қаражатының мақсатқа сай пайдаланылуына бақылау жасасын.

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1737 P961737\_ қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

46-тармақ "су құю - су ағызуды" деген сөздерден кейін "және кен орындарын консервациялау мен тарату жобалары жөніндегі жұмыстарды" деген сөздермен толықтырылсын.

9. "Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласының экономикасын дағдарыс жағдайынан шығару жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 шілдедегі N 757 P940757\_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 28, 313-құжат) 7-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі